



**15-тақырып. Жоғары мектеп
маман тұлғасын тәрбиелеу
мен қалыптастырудың
әлеуметтік институты
ретінде**

© Алметов Н.Ш., 2018

Жоспары:

- 1) Жоғары мектептегі тәрбие жұмысының мәні мен бағыттары болашақ маман тұлғасының әлеуметтендіру процесі ретінде.
- 2) Жоғары мектептегі тәрбие заңдылықтары мен ұстанымдары. Студенттік әлеуеттің өзін-өзі тәрбиелеулеріне мүмкіндіктер беру.
- 3) ЖОО тәрбие жұмыстарының мәні мен негізгі бағыттары.
- 4) Жоғары мектептегі кураторлардың жұмысы және оның негізгі атқаратын қызметі.

Кәсіптік мектептегі тәрбиелеу мақсаты

- болашақ мамандың кәсіптік және әлеуметтік бейімделуіне көмектесетін көп мәдениетті, гумандық-адамгершілік, денесі сау , жоғары интеллектуалды, бәсекеге қабілетті, шығармашылығы дамыған тұтас тұлғаны ұлттық құндылықтар және әлемдік тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін пайдалана отыра проблемаларды өзіндік тұжырымдау және оларды жоғарғы азаматтық позиция тұрғысынан тәжірибеде шеше алатын маманды тәрбиелеу.

Студент тәрбие объектісі және субъектісі ретінде

- ЖЖО-ғы тәрбие үрдісінде **студент - тәрбие объектісі** (профессор-оқытушылар, тәрбиешілер жетекшілік ететін).
- Студент - **тәрбие субъектісі** (өзіндік әрекет жасайтын, өз бетімен мінез-құлық нормаларын игертін, өзін-өзі тәрбиелейтін, өз мүмкіндіктерін іс-жүзіне асыратын тұлға) болып алға шығады.

- Студенттерді тәрбиелеу процесі оқытушының жетекшілік рөлі маңында *оқытушылармен студенттердің өзара белсенді әсерлесуі* ретінде қарастырылуы мүмкін.

Тәрбие процесінің кезеңдері

- 1-кезең. Тәрбиеленушінің қоғамдағы мінез-құлық нормалары туралы түсініктер алуы;
- 2-кезең. Тәрбиеленушінің ұсынылған адамгершілік нормалары мен мінез-құлық ережелеріне қатынастарын(көзқарастарын, сенімдерін) қалыптастыру;
- 3-кезең. Дұрыс (жағымды) мінез-құлық әдеттерімен дағдыларын қалыптастыру;
- 4-кезең. Мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандыру .

ЖОО да тәрбиелеудің басты міндеті -

- ұйымдастырушылық және қоғамдық – саяси жұмыс дағдыларына, тәрбиеші, басшы және өз бағыныштыларына тәрбиеші қабілеттеріне ие болған, жоғары білікті, ғылыми ой-өрісі кең , жоғары мәдениетті мамандарды тәрбиелеу.

ЖОО да тәрбие үрдісінің негізгі функциялары

- ұйымдастырушы;
- жоспарлаушы;
- ынталандырушы ;

ЖОО-ғы тәрбие принциптері:

- а) көрнекілік;
- б) тәрбие үрдісінің мақсаткерлігі ;
- в) тәрбиенің барлық қырларының бірлігі мен жан жақтылығы ;
 - г) барлық тәрбиешілер әрекеттерінің бірлігі ;
- д) педагогикалық жетекшілікті тәрбиелеушілердің ынталылығы(бастама көрсетуі) және өз бетімен әрекет жасауын дамыту мен қосу;
- е) жас және жеке дара ерекшелітерді(гендерлік) ескерту;
- ж) ұжымды және ұжым арқылы тәрбиелеу;
- з) еңбекте тәрбиелеу;
- и) тұлғаға деген құрмет және талап қойғыштық;
- к) адамдағы ұнамды қасиеттерге сүйену ;

ЖОО да тәрбие процесінің негізгі бағыттары

- а) **идеялық саяси тәрбие** (диалектикалық-материалистік дүние таным , саяси мәдениет , құқықтық мәдениетті тәрбиелеу);
- б) **адамгершілікке тәрбиелеу** (тәртіптілік , саналылық, шыншылдық, сыпайлылық , ұтымшылдық ,интерноционалдық ,отансүйгіштік, ізгілікті тәрбиелеу);
- в) **кәсіби тәрбие** (таңдалынған мамандыққа даған махаббат, өндірісті ұйымдастырушы сапаларын, ынталылықты, жігермендікті, (энергичность); мақсаткерлікті, басқаларға білім бере алу қабілеттерін тәрбиелеу).



ЖОО да тәрбие процесінің негізгі бағыттары

- **г) еңбек тәрбиесі (еңбекке (бірінші өмірлік қажеттілік ретінде) қатынасты тәрбиелеу);**
- **д) эстетикалық тәрбие (әсемдікті, биіктікті қабылдау, сезіну қабілеттерін тәрбиелеу),**
- **е) құқықтық тәрбие (құқықтық сананы, құқықтық мінезді кірістіретін құқықтық мәдениетті тәрбиелеу),**
- **ж) дене тәрбиесі (студентердің денсаулығын мықтау, дене күштері мен батылдықты тәрбиелеу).**

Студенттік өзін-өзі басқару

- а) студенттер оқушылармен бірге коллегиялды органдар – факультет кеңестеріне мүше болуы, барлық мәселелерді талқылауда, шешімдер қабылдауда тең құқықта қатысуы.
- б) студенттер уақытша басқару штаб-органдар, комитеттер, комиссиялар құрамына мүше болып, нақтылы мәселелерді шешеді.
- в) студенттер өз ұжымының өмірлік ұызметін өзіндік дербес ұйымдастырады, өзінің праблемаларын шешуде ықылас

Куратор

- «Куратор» (лат.- curator-қамқоршы) .
- студенттік өмірлік іс-әрекет – тәрбие, демалысты, еңбекті, әлеуметтік – тұрмыстық сипаттағы мәселелерді шешу үшін деканат тарапынан тағайындалған оқытушы.

Куратор...

- өзінің академиялық топтағы жұмысын жоспарға сәйкес жүргізеді. әдетте жоспар жарты жылға құрастырылады.
- алдын ала студенттермен диагностикалық жұмыстар жүргізеді (қызығушылықтар мен ынталықтарын, қажеттіліктерін (талаптарын), отбасылық жағдайын , материалдық ахуалын , пәтерін-тұрмыстық жағдайларын) анықтайды,
- жоспар құрып, топтың жалпы жиналысында талқылап , бекітеді.
- Жоспар нақты қызықты іс шараларды қамтитын , әр бір студенттің нақты жұмыс ауумағын ол жеке жауапкер болатын) белгілеу тиіс. Мерзімді жоспардың орындауын талдап тұту керек .

Кураторлық жұмыстың негізгі бағыттары

- студенттердің әлеуметік –психологиялық бейімделуі мәселелері (жаңа әлеуметтік ролге ,ЖОО ға ,қалаға т.б)
- студенттерді олардың өмірлік қызметін реттейтін нормативтік құжаттармен , университет ғылыми кеңесі ,факультет кеңесі, деканат, ректоратың шешімдерімен таныстыру;
- студенттердің үлгілері мен сабаққа қатысуын талдау;
- студенттерді F3Ж тарту;

Кураторлық жұмыстың негізгі бағыттары

- студенттердің болашақ мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру;
- студенттердің тұрмыстық ж/е материалдық жағдайы мәселелері;
- академиялық топта студенттер ұжымын ұйымдастыру;
- студенттер арасындағы өзара достық ж/е іскерлік қатынастарды бағыттау, дамыту;
- психологиялық қалып , қарым-қатынасқа , мінез-құлық үлгілері мен құндылықтарына түзетуші ісер ету;
- студенттерді тәрбиелеу , өзін-өзі тәрбиелеуге, өзіндік білім алуға баулу.